

БЕКІТІЛДІ
«М.Х. Дулати атындағы Тараз
университеті» КеАҚ
Академиялық Кеңестің шешімімен
Хаттама №3, 21.01.2025 ж.




ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫН ӘЗІРЛЕУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Тіркеу № 109

Тараз 2025

АЛҒЫ СӨЗ

1. ӘЗІРЛЕУШІЛЕР	Жұмыс тобының жетекшісі Академиялық жұмыс жөніндегі департамент директоры Алимбаева С.К.	 /КОЛЫ/	10.11.25 ж.
2. ЕНГІЗІЛДІ	Академиялық жұмыс жөніндегі департаментімен		
3. ТЕКСЕРУ КЕЗЕНДІЛІГІ	3 жыл		
4. ОРНЫНА ЕНГІЗІЛГЕН	Алғаш рет		
5. ТАРАТУ	Проректорларға, құрылым басшыларына, декандарға, кафедраларға		
6. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ	М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті КеАҚ Академиялық кеңесінің шешімімен» 21.11.2025 ж., хаттама №3		
7. КЕЛІСІЛДІ:	Басқарма мүшесі - Академиялық мәселе жөніндегі проректор Еркінбаева Л.К.	_____ /КОЛЫ/	_____ ж.
	Басқарма мүшесі - Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор Есимова Ш.А.	 /КОЛЫ/	14.11.25 ж.
	Заң қызметінің басшысы Қайназарова М.	 /КОЛЫ/	14.11.25 ж.
	Стратегиялық даму басқармасының басшысы Дәрібаев Ж.Е.	 /КОЛЫ/	17.11.25 ж.

Бұл құжат «М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы – Ректордың рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды

МАЗМҰНЫ

1 Қолдану саласы	4
2 Нормативтік сілтемелер	4
2.1 Нормативтік құжаттар	4
3 Негізгі терминдер мен қысқартулар	4
3.1 Негізгі терминдер мен қысқартулар	4
4 Жауапкершілік және өкілеттіктер	5
5 Жалпы ережелер	6
6 Элективті пәндер каталогының құрылымы мен мазмұны	7
7 Элективті пәндер каталогын әзірлеу және бекіту тәртібі	8
Титулдық парақты рәсімдеу мысалы	10
Қосымша А	13
Қосымша Б	15
Қосымша В	16

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Осы Ереже «М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» КеАҚ (бұдан әрі – Дулати Университеті) Элективті пәндер каталогының құрастырылуына, мазмұнына, рәсімделуіне және оның әзірленуі мен бекітілуіне қойылатын талаптарды анықтайды.

1.2 Элективті пәндер каталогы таңдау компоненттеріне кіретін барлық пәндер мен оқулықтардың тіркемелерін аннотациялауды жүйеге келтіреді.

1.3 Элективті пәндер каталогын қалыптастыру тәртібі кафедра меңгерушілеріне, оқытушылар және студенттерге тиесілі.

1.3 Университеттің осы ережесіндегі элективті пәндер каталогының құрастырылуына, мазмұнына, рәсімделуіне және оның әзірленуі мен бекітілуіне қойылатын талаптар мамандық дайындайтын кафедралардағы білім бағдарламасының оқу-әдістемелік кешеніне немесе пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламаларына (Силлабустарына) міндетті түрде қолданылуы тиіс.

1.4 Осы Ереже Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын, ҚР ҒЖЖБМ нормативтік құжаттарын, Дулати Университетінің Жарғысын, Дулати Университетінің ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Ереже мынадай нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

– Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңы;
– ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 27.07.2015ж. №488 «Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

– «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы;

– «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары», ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы.

– «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары», ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы.

3 НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы Ережеде мынадай терминдер мен қысқартулар пайдаланылады:

Оқытудың кредиттік технологиясы – білім алушылардың пәндерді және (немесе) модульдерді зерделеу дәйектілігін академиялық кредиттер жинақтай отырып таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқыту

Академиялық еркіндік – білім беру процесінің субъектілеріне таңдау компоненті пәндері, оқытудың қосымша түрлері бойынша білім мазмұнын дербес анықтау үшін және білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуына және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдануға жағдай жасау мақсатында білім беру қызметін ұйымдастыру үшін ұсынылатын білім беру процесі субъектілерінің әкілеттіктер жиынтығы

Академиялық кредит – білім алушының және (немесе) оқытушының оқу және (немесе) ғылыми жұмысының көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі

Құзыреттілік – оқу процесінде алған білімді, шеберлік пен дағдыны кәсіби қызметте

тәжірибелік тұрғыда пайдалана білу қабілеті
Оқу пәніне жазу (Enrollment) – білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу рәсімі
Жеке оқу жоспары – білім беру бағдарламасы және элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушының әр оқу жылына арнап өзі құрастыратын оқу жоспары
Жоғары оқу орны компоненті (бұдан әрі – ЖК) – білім беру бағдарламасын меңгеру үшін жоғары оқу орны дербес айқындайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемінің тізбесі
Элективті пәндер – жоғары оқу орны компонентіне және белгіленген академиялық кредиттер шеңберінде таңдау компонентіне кіретін және білім беру ұйымы енгізетін, білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін, нақты өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеретін оқу пәндері;
Элективті пәндер каталогы (ЭПК) – оқу мазмұнын, көлемін және зерттеуден күтілетін нәтижелерді (білім алушылардың алатын білімі, іскерлігі, құндылық құраушылары мен құзыреттерін) көрсете отырып, пәннің қысқаша сипаттамасы берілетін таңдау пәндері бойынша пәндердің жүйеленген аннотацияланған тізбесі. ЭПК-да әр оқу пәнінің пререквизиттері мен постреквизиттері көрсетіледі. ЭПК білім алушыларға элективті оқу пәндерін баламалы түрде таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс
Эдвайзер (Advisor) – тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық тәлімгері функциясын атқаратын, оқу траекториясын таңдауына (жеке оқу жоспарының қалыптасуына) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламаларын игеруіне ықпал ететін оқытушы
Модуль – дербес, білім беру бағдарламасының құрылымдық элементін оқыту нәтижелері тұрғысынан аяқталған, айқын қалыптасқан, білім алушылар меңгеретін білім, іскерліктер, дағдылар, құзыреттер және бағалаудың барабар критерийлері
Модульдік оқыту – білім беру бағдарламасының модульдік құрылымы, оқу жоспары және оқу пәндері негізінде оқу процесін ұйымдастыру тәсілі
Постреквизиттер (Postreguisite) – зерделеу үшін меңгерілген білімдер, іскерліктер, дағдылар және осы пәнді зерделеу аяқталған соң игерілетін құзыреттер қажет етілетін пәндер (модульдер) және оқу жұмысының басқа түрлері
Пререквизиттер (Prereguisite) (пререквизит) – пәндер және (немесе) модульдер және зерделенетін пәнді игеруге қажетті білімнен, іскерліктен, дағдылар мен құзыреттерден тұратын оқу жұмысының басқа түрлері

4 ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР

- 4.1 Осы Ереже университеттің Академиялық кеңесінің шешімімен бекітіледі.
- 4.2 Талаптарды енгізуге оқу-әдістемелік бөлімінің басшысы, жауапты болады.
- 4.3 Осы ереженің талаптарын әзірлеу, олардың СТУ 01 «Құжатталған ақпаратты басқару» стандартына сәйкестігі үшін құжатты әзірлеуші жауапты болады.
- 4.4 Рәсімді басқаруға жауапты оқу-әдістемелік бөлімінің басшысы, ресімдеу сапасына жауапты болады.
- 4.5 Процестің нақты кезеңдерін орындау жөніндегі қызметті ұйымдастыру мен үйлестіру, құжаттаманы басқару және түпкілікті нәтижелердің сапасы үшін бөлімшелердің басшылары, сондай-ақ нақты кезеңді орындауға қатысушылар болып табылатын лауазымды тұлғалар жауапты болады.
- 4.6 Бөлімде СМЖ сақталуына және рұқсатсыз көшірілуіне және қызметтік ақпараттың таралып кетуіне бөлімдердің басшылары жауапты болады.
- 4.7 Ережені әзірлеу, ресімдеу, келісу және бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер енгізу СТУ -01-ге сәйкес жүргізілуі тиіс.

4.8 Осы ережені келісу алғысөзде келтірілген лауазымды тұлғалармен жүзеге асырылады.

4.9 Түпнұсқаны университеттің аккредиттеу, рейтинг және сапасын қамтамасыз ету бөліміне сақтауға беру үшін әзірлеуші жауапты болады.

4.10 Осы ереженің есепке алынған жұмыс даналарын оқу-әдістемелік бөлімі университеттің факультеттеріне мен кафедраларына жібереді. Ережені көбейту үшін «Дулати университеті» баспасының директоры жауапты болады.

4.11 Ереженің сақталуы жауапкершілік университеттің аккредиттеу, рейтинг және сапасын қамтамасыз ету бөліміне жүктеледі.

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Пәннің және (немесе) модульдің сипаттамасы:

– Элективті пәндер каталогы – университеттегі мамандықтың оқу-әдістемелік кешені немесе пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламаларын (Силлабустарын) құраушы негізгі құжаттың бірі;

– Элективті пәндер каталогы негізінде білім алушы эдвайзердің көмегімен жеке оқу жоспарын құрастыруда жүзеге асырылады;

– Элективті пәндер каталогы дайындықты жетілдіру мақсатында пәнді оқытудың педагогикалық тиімді әдістемесін құру мен ұдайы жетілдіру мақсатында жасалады.

5.2 Элективті пәндер каталогының сәйкестілігі.

Элективті пәндер каталогын әзірлеу кезінде ескеріледі:

– мамандықтың негізгі оқу жоспары;

– мамандық бағыты бойынша білім беру бағдарламасына енетін оқу курсының, пәндердің және (немесе) модульдердің шамамен алынған бағдарламаларының мазмұны; оқытудың алдыңғы және кейінгі кезеңдерінде зерделенетін пәндер бағдарламаларының мазмұны.

5.3 Әзірлеу саласы.

Элективті пәндер каталогы мамандықтың негізгі оқу жоспарындағы әрбір оқу пәніне сәйкес әзірленеді. Элективті пәндер каталогын әзірлеу кезінде пәндердің арасындағы логикалық байланысты ескеру және оқу материалының қайталанбауын қамтамасыз ету керек.

5.4 Мамандықтар үшін элективті пәндер каталогы.

Элективті пәндер каталогын әзірлеуді жүзеге асыруда маман дайындаушы кафедраға басқа кафедралардан пәндерге және (немесе) модульдерге қатысты материалдар ұсынылады.

4.5 Элективті пәндер каталогын қалыптастыру үшін алдын ала атқарылатын жұмыстар:

– бар оқу пәндерін зерделеу;

– пәндерді және (немесе) модульдерді кешенді зерделеу үшін өзара мазмұны жақын, байланысты пәндерді модульдерге біріктіру;

– пәннің көлемін анықтау (3, 4, 5 кредит шегінде);

– әрбір пәнге код беру;

– күтілетін оқыту нәтижелерін қалыптастыру;

– оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін, қажетті оқыту әдістері мен формаларын анықтау;

– қорытынды бақылау (емтихан өткізу) түрін анықтау.

4.6 Элективті пәндер каталогының үлгісі қосымшада келтірілген.

6 ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

6.1 Элективті пәндер каталогы мамандықтың оқу-әдістемелік кешенін/пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламаларын (Силлабустарын) құраушы компонент және дербес оқу-әдістемелік құжат болып табылады.

Элективті пәндер каталогының құрылымы төмендегідей компоненттерді қамтуы қажет:

- 1) Пәннің және (немесе) модульдің коды және атауы;
- 2) Пәнге және (немесе) модульге жауапты профессор-оқытушы құрамы;
- 3) Элективті пәндер түрі (жоғары оқу орны компоненті (бұдан әрі – ЖК) және (немесе) таңдау компоненті (бұдан әрі – ТК);
- 4) Пәннің және (немесе) модульдің дәрежесі (BA/MA/PhD);
- 5) аптадағы сағат саны;
- 6) академиялық кредит/академиялық сағат саны;
- 7) оқу түрі;
- 8) семестр;
- 9) Пәннің және (немесе) модульдің пререквизиттері;
- 10) Пәннің және (немесе) модульдің мазмұны;
- 12) құзыреттер және оқыту нәтижелері;
- 13) қорытынды бақылау түрі;
- 14) кредиттерді алу шарттары пәннің және (немесе) модульдің жүктеген барлық жұмыс түрлерін орындау, емтихандағы баға;
- 15) Пәннің және (немесе) модульдің ұзақтығы;
- 16) әдебиеттер;
- 17) жаңартылған күні.

6.2 Элективті пәндер коды және атауы.

Мамандықтың негізгі оқу жоспарында анықталған пәннің және (немесе) модульдің коды мен атауы жазылады.

6.3 Пәнге және (немесе) модульге жауапты профессор-оқытушы құрамы.

Пәнді және (немесе) модульді оқытатын профессор-оқытушы құрамы тізімі, ғылыми атағы мен дәрежесі толық жазылады.

6.4 Элективті пәндер түрі (жоғары оқу орны компоненті (бұдан әрі – ЖК) және (немесе) таңдау компоненті (бұдан әрі – ТК);

6.5 Пән және (немесе) модуль дәрежесі (BA/MA/PhD).

Оқыту деңгейлерінің (бакалавриат, магистратура, докторантура) біреуі көрсетіледі.

6.6 Академиялық кредит/академиялық сағат саны.

ЖК, ТК-не бөлінген/үлестірілген академиялық кредит саны көрсетіледі.

6.7 Аптадағы сағат саны.

ЖК, ТК пәндерін оқытудағы аптадағы оқу жұмыстарына үлестірілген сағаттар мөлшері негізгі оқу жоспарына сәйкес жазылады (лекция, тәжірибелік/сем/лаб, ОБӨЖ, БӨЖ, білімін бақылау).

6.8 Оқу түрі.

Білім алушылардың оқу түрі (күндізгі, сыртқы, қысқартылған, т.б.) анықталады.

6.9 Семестр.

Білім алушылардың негізгі оқу жоспары бойынша пәннің және (немесе) модульдің оқылатын семестрі көрсетіледі.

6.10 Пән және (немесе) модуль пререквизиттері.

Пәнді және (немесе) модульді игеру үшін оқу материалдары тірек болатын пәндер тізімі келтіріледі.

6.11 Пәннің және (немесе) модульдің мазмұны.

Пәннің немесе пәндердің қысқаша мазмұны сипатталады.

6.12 Құзыреттер және оқыту нәтижелері.

Пәнді және (немесе) модульді игеруде қалыптастырылатын құзыреттер мамандық бағыты бойынша білім беру бағдарламасы мазмұнындағы білімгерлердің меңгеретін құзыреттері, оқыту нәтижелері пәндерге және (немесе) модульдерге сәйкес айқындалады.

Анықталған құзыреттерді қалыптастырудағы құраушы оқыту нәтижелері: білім – білік – құндылық тізбегінде мазмұндалады.

6.13 Қорытынды бақылау түрі.

Элективті пәндер каталогына енгізілген пәнді игерудегі оқу жетістіктері үшін аралық және қорытынды бақылау түрлері көрсетіледі.

6.14 Кредиттерді алу шарттары (пән және (немесе) модуль жүктеген барлық жұмыс түрлерін орындау, емтихандағы баға).

Негізгі оқу жоспарында көрсетілген пәнді немесе пәндерді игерудегі барлық оқу жұмыс түрлері және оң баға алу үшін талаптар көрсетіледі.

6.15 Пәннің және (немесе) модульдің ұзақтығы (бір семестр немесе екі семестр бір курс шеңберінде).

Пәнді және (немесе) модульді игерудегі семестр немесе семестрлер көрсетіледі.

6.16 Әдебиеттер.

Пәнді және (немесе) модульді игеруде негізгі 3-6 әдебиеттер көрсетіледі.

6.17 Жаңартылған күні.

Пәннің және (немесе) модульдің түзілген және/немесе жаңартылған мерзімі жазылады.

7 ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ТӘРТІБІ

7.1 Кафедра әр білім беру бағдарламасы бойынша элективті пәндердің каталогын (бұдан әрі – ЭПК) әзірлейді. ЭПК – білім алушыларды жеке білім траекториясын құру үшін элективті оқу пәндерін баламалы таңдау мүмкіндігімен қамтамасыз етеді.

7.2 Элективті пәндер тізбесін факультетте белгіленген формада қалыптастырады (1-тіркеме)

7.3 Ағымдағы оқу жылының сәуір айына дейін (наурыз айында) кафедралар факультетте құрылған жұмыс тобына (комитет) келесі оқу жылғы элективті пәндерге өзгерістер енгізу жөнінде сұранысын тапсырады.

7.4 Факультеттің академиялық комитет кеңесінде сұраныстар қаралып, келесі оқу жылына элективті пәндер тізбесі анықталып, университеттің академиялық комитетіне бекітуге ұсынылады.

7.5 Элективті пәндер мазмұны кафедрада профессор-оқытушылар тарапынан жасалынады және университеттің академиялық комитетіне бекітуге ұсынылады (2-тіркеме)

7.6 Элективті пәндер каталогындағы пәндер тізбесін анықтауда:

1. Мамандықты дайындаудың қазіргі кездегі өзектілігі, кәсіби ерекшелігі, тәжірибемен байланысы, мамандық даярлаушы кафедралардың ғылыми-ізденушілік бағыттары;

2. Жұмыс беруші және басқа да мекемелердің мамандарды дайындауға байланысты берген ұсыныстары негізге алынады;

3. Жұмысқа орналасқан бітіруші түлектердің ұсыныстары негізге алынады;

4. Қазіргі таңдағы ғылыми-техникалық даму бағыттарына сәйкес ұсынылатын пәндерді қарастыру ескерілуі қажет.

7.7 Келесі оқу жылының жалпы элективті пәндер каталогын ағымдағы оқу жылының сәуір айында қалыптастыру үшін, кафедралар әр білім беру бағдарламасы бойынша элективті пәндердің каталогын алдын-ала әзірлеуі тиіс және де каталог талапқа сай бекітіліп, мамыр айында тіркеуші-офиске ұсынылады.

7.8 Факультет деканаты білім алушыларды элективті пәндер каталогымен хабардар

етіп, оларды хабарлама тақталарына орналастырады, университеттің сайтына береді.

7.9 Кафедра меңгерушілерінің басшылығымен эдвайзерлер білім алушылар үшін элективті пәндер презентациясын ағымдағы оқу жылының сәуір айының 1 (бірінші) он күндiгiнде, жаңа оқу жылында қабылданған білімгерлерге тамыз айының соңғы аптасында өткізеді.

7.10 Элективті пәндер презентациясы факультетте бекітілген кестеге сәйкес, сабақ уақытынан тыс өткізілуі тиіс.

7.11 Элективті пәндерге тіркелу белгіленген мерзімде жүргізіледі.

8. ҚОСЫМШАЛАР

Қосымша А

Титулдық парақты рәсімдеу мысалы

**«М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті» КеАҚ
НАО «Таразский университет им. М.Х. Дулати»
NC JSC «Taraz University named after M.Kh. Dulaty»**

_____ **ФАКУЛЬТЕТІ**
_____ **КАФЕДРАСЫ**

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

**6B0XXX – «ББ атауы»
6B0XXX – «название ОП»
6B0XXX – «EP name»**

Тараз 2025

Элективті пәндер каталогі М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің Академиялық кеңесі шешімімен мақұлданған (хаттама № ____, « ____ » ____ 20__ жыл).

Каталогқа _____ кафедрасында ____ білім беру бағдарламасы бойынша негізгі оқу жоспарлары негізінде пәндердің қысқаша сипаттамасы енгізілді.

Баспадан шығаруға жауапты:

Оқу-әдістемелік бөлімінің басшысы

Құрастырушылар:

(Академиялық жұмыстар жөніндегі жөніндегі департамент директоры, ОӘБ басшысы, факультет деканы, білім беру бағдарламаларына жауапты кафедралар)

М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, 20 ____

МАЗМҰНЫ

1. 6B000000 –
2. 6B000000 –
3. 6B000000 –

Қосымша А

"М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті" КеАҚ
 Академиялық кеңесінің шешімімен бекітілген
 (17.12.2024 ж. № 6 хаттама)

«6B01301-Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі»/ 6B01301 Педагогика и методика начального обучения

№	Наименование дисциплины (рус)	Наименование дисциплины (каз)	Наименование дисциплины (англ)	Цикл дисциплины	Кредит	Семестр	Описание дисциплины на рус.	Описание дисциплины на каз.	Описание дисциплины на англ.	ГОП	ОП	Пререквизиты	Постреквизиты
1	Основы современного казахского (русского) языка	Қазіргі қазақ (орыс) тілі негіздері	Basics of modern Kazakh (Russian) language	БД	6	1	Цель предмета – знать и понимать важную структуру языка, важные языковые единицы языка, объекты языка и речи, фонетику. Методы исследования фонетики. Звуки речи, понимание и употребление гласных и согласных. Лексическое значение слова, словарный запас языка, Словообразование. Лексикон. Значение слова, понимание и анализ его видов. Понимание и оценка морфологии, предложений, состоящих из отдельных членов, классов слов, синтаксиса и пунктуации.	Пәннің мақсаты-тілдің маңызды құрылымы, тілдің маңызды лингвистикалық бірліктерін, тіл және сөйлеу, фонетика объектілерін білу, түсіну. Фонетиканың зерттеу әдістері. Сөйлеу дыбыстары дауысты және дауыссыз дыбыстарды түсіну, қолдану. Сөздің лексикалық мағынасын, тілдің сөздік құрамы. Сөзжасам, Лексика. Сөздің мағынасы, оның түрлерін түсіну, талдау. Морфология, бірыңғай мүшелерден құрылған сөйлемдер, сөз таптары, синтаксис және тыныс белгілерін түсіну, бағалау.	The purpose of the subject is to know and understand the important structure of the language, important linguistic units of the language, objects of language and speech, phonetics. Methods of studying phonetics. Sounds of speech, understanding and use of vowels and consonants. Lexical meaning of the word, vocabulary of the language, Word creation, Lexicon. Meaning of the word, understanding and analysis of its types. Understanding and evaluation of morphology, sentences consisting of individual members, word classes, syntax and punctuation.	В003 Педагогика и методика начального обучения	6B01301 Педагогика и методика начального обучения	Бастауыш мектепте қазақ (орыс) тілін оқыту әдістемесі	Қазақ (орыс) тілі

2	Новые направления в языкознании	Тіл білімінің жаңа бағыттары	New directions in linguistics	БД	6	1	<p>Цель предмета – история языкового образования, возникновение новых лингвистических направлений, знание и понимание современных тенденций в языкознании. Парадигмы современной лингвистики, различные лингвистические школы, основные принципы современного языкознания, значение новых направлений знания казахского языка, анализ языковой системы и структуры, язык и речь, язык и мышление, оценка семантической системы казахского языка.</p>	<p>Пәннің мақсаты – тіл білімінің тарихы және лингвистикалық бағыттардың пайда болуы, лингвистикадағы заманауи бағыттарды білу, түсіну. Қазіргі тіл ғылымының парадигмалары, түрлі лингвистикалық мектептер, қазіргі лингвистиканың негізгі принциптері, қазақ тілі білімінің жаңа бағыттарының мәні, тіл жүйесі мен құрылымын талдау. Тіл және сөйлеу, тіл және ойлау, тілдің семантикалық жүйесі мәселелерін бағалау.</p>	<p>The purpose of the subject is the history of language education, the emergence of new linguistic trends, knowledge and understanding of modern trends in linguistics. Paradigms of modern linguistics, various linguistic schools, the main principles of modern linguistics, the importance of new directions in knowledge of the Kazakh language, analysis of the language system and structure, language and speech, language and thinking, assessment of the semantic system of the Kazakh language.</p>	В003 Педагогика и методика начального обучения	6В01301 Педагогика и методика начального обучения	Бастауыш мектепте қазақ (орыс) тілін оқыту әдістемесі	Қазақ (орыс) тілі
---	---------------------------------	------------------------------	-------------------------------	----	---	---	--	---	---	--	---	---	-------------------

« _____ » кафедра мәжілісінде талқыланды, бекітуге ұсынылды.

Хаттама № _____ « _____ » 20 ж.

« _____ » кафедрасының меңгерушісі : _____

Факультеттің кеңесінде мақұлданған

Хаттама № _____ « _____ » 20 ж.

Кеңес төрайымы: _____

